

Объектіні өтеусіз пайдалануға беру шарты

Миялы селосы

№3

1 қыркүйек 2023 жыл

Бір тараптан, Жарғы негізінде әрекет етуші Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Қызылқоға аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК, оның атынан директоры А.Т.Тилемисова, бұдан әрі **“Объектіні алушы”** деп аталады және екінші тараптан, Ереже негізінде әрекет етуші «Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің Ш.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ, оның атынан директоры Т.Н.Калиева, бұдан әрі **“Объектіні беруші”** деп аталады, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1) Осы шартқа сәйкес, Беруші Алушыға Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы селосы Қайырғали Смағұлов көшесі, №13 үйі мекен-жайы бойынша орналасқан, Ш.Еркінов атындағы орта мектеп» мемлекеттік ғимаратынан 42,3 шаршы метр құрайтын 3 бөлмені (әрі қарай – Объект) Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Қызылқоға аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК-на 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап белгісіз мерзімге өтеусіз пайдалануға береді.

2) Объект кеңсе ретінде пайдалану үшін беріледі.

2. Тараптардың міндеттемелері мен құқықтары

Объектіні беруші:

1) Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күннен кешіктірілмей Объектіні теңгерім ұстаушы Қарыз алушыға уәкілетті орган (беруші) бекіткен қабылдау-тапсыру актісі бойынша береді.

2) Объектіні алушыға беру теңгерім ұстаушы беруші өкілінің қатысуыменен қабылдау – тапсыру актісі бойынша жүргізеді;

Объектіні берушінің:

1) егер алушы Объектіні осы шарт жағдайларына немесе Объектіні мақсатына сай емес пайдаланатын болса, шығындарды өтеуді алушыдан талап етуге;

2) осы шарт бойынша алушының міндеттемелерді орындалуын бақылауға;

3) Осы шарттың жағдайларын алушы бірнеше рет бұзған ретінде, шартты бір жақты бұзуға құқығы бар.

Объектіні алушы:

1) Объектіні тиісті тәртіпте ұстау, Объектіге немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамау.

Егер Заңнамада немесе шартта өзгеше ккзделмесе, объектіні дұрыс жағдайда ұстау, өз есебінен ағымдағы жөндеу жүргізу және объектіні ұстау бойынша шығындарды көтеру;

2) Теңгерім ұстаушымен және тиісті қызмет көрсетушілермен жекелеген шарттар бойынша коммуналдық және басқа да қызметтер үшін есеп айырысуға;

3) Осы шартқа сәйкес қарызға алынған объектіні оның мақсатына сай пайдалануға;

4) Объектіні шартта белгіленген мерзімде қанағаттанарлық жағдайда қайтару;

5) алынған мүлікті қалыпты жағдайда ұстауға, объектінің бүлінуіне әкеп соғатын іс-әрекеттер жасамауға, бүлінген жағдайда өз есебінен жөндеуді қамтамасыз етуге;

6) Осы шартқа сәйкес берілетін объектіні жалға, өтеусіз пайдалануға немесе кепіл ретінде бермеуге;

7) өзінің заңды мекен-жайы, телефондар, телефакс нөмірлерінің өзгертілгендігі тіралы, олар өзгертілген күннен бастап 2 күннен кешіктірмей берушіні хабардар етуге;

8) берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз, объектіні және онда орналасқан коммуникация желілерін қайта жобалауға немесе өзгертуге жол бермеуге;

9) Шартты бұзғысы келген жағдайда, бұл жөнінде берушіні 60 күн бұрын жазбаша хабардар етуге;

10) Объектіні Теңгерім ұстаушыға қабылдау-тапсыру актісі бойынша белгіленген мерзімде, қалыпты тозуын ескере отырып, оны өзі алған жағдайдағыдай етіп қайтаруға.

3. Шарт күшінің мерзімі

1. Осы шарт бойынша объектінің өтеусіз пайдалану мерзімі **2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап белгісіз мерзімге** дейін белгіленеді.

4. Дауларды шешу тәртібі

1. Осы шартты орындау барысында пайда болуы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер, тараптар арасында мүмкіндігінше келіссөздер арқылы шешілетін болады.

2. Келіссөздер арқылы дауларды шешу мүмкін болмаған жағдайда, тараптар заңдарда қарастырылған келіспеушіліктерді сотқа дейін реттеу рәсімін іске асырғаннан кейін, оларды тиісті органдардың қарауына береді.

5. Форс-мажорлық жағдайлар

1. Осы шарт бойынша Тараптар табиғи апаттар (су тасқындары, жер сілкінулер және т.с.с.), қоғамдық құбылыстар (әскер және өзге де іс-қимылдар) түріндегі апат жағдайлар оқиғалары салдарынан және осы шарт талаптарын орындауға тікелей немесе жанама әсер ететін мемлекеттік органдардың нормативтік актілері және өзге де шешімдерінің күшіне енуіне орай пайда болған шығын үшін жауапты болмайды.

6. Қорытынды ережелер

1. Осы өтеусіз пайдалану шарты:

- 1) өтеусіз пайдалану мерзімі біткенде;
- 2) шарт жағдайларын орындамағанда;
- 3) егер алушы беруші көрсеткен мерзімде шарт талаптарын бұзушылықтарды жоймаса;
- 4) егер де алушы Объектінің жағдайын нашарлататын болса;
- 5) 60 күн бұрын алушының жазбаша өтініші бойынша;
- 6) 1 ай бұрын берушінің жазбаша хабардар етуі бойынша тараптардың келісімі бұзылуы мүмкін;
2. Осы шарттың бұзылуы берушінің залалын өтеуден және жалдау ақысы бойынша берешектерді, осы шарттан келіп шығатын басқа да төлемдерді төлеуден босатпайды.
3. беруші алушыға ол жүргізген жақсартулар, өзгертулердің құнын өтемейді.
4. алушы жаңа мерзімге шарт жасасу ниеті туралы осы шарттың күші бітуіне 1 ай қалғанға дейін кешіктірмей берушіні жазбаша хабардар етуге міндетті.
5. Осы шарт талаптарын жүйклі бұзған жағдайда, алушы басқа тұлғалармен салыстырғанда жаңа мерзімге шарт жасасуға артықшылық құқығын жоғалтады.
6. Осы шартпен реттелмеген тараптардың өзара қарым-қатынастары қолданылып жүрген заңдармен реттеледі
7. Осы шарт тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.
8. Осы шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік тілде екі данада жасалды.

8. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері

Объектіні беруші

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің Ш.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

Атырау облысы, Қызылқоға ауданы,
Жасқайрат ауылы
Тілеген Қайырбаев көшесі, 2 үй
Тел/факс: 8/71238/2-50-49



Т.Н.Калиева

Объектіні алушы

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының Қызылқоға аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК

Атырау облысы, Қызылқоғат ауданы
Миялы селосы, Қайырғали Смағұлов
көшесі, 13 үй
Тел/факс: 8 (71239) 2-42-58

Директор



А.Т.Тилемисова

**Объектіні өтеусіз пайдалануға беру жөніндегі
алыс-беріс актісі**

Миялы селосы

1 қыркүйек 2023 жыл

Біз төменде қол қоюшылар, **Тапсырушы:** «Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің Ш.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ» директоры Т.Н.Калиева, **Қабылдаушы:** «Қызылқоға аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК директоры А.Т.Тилемисова болып төмендегі алыс-беріс актісін жасақтадық.

№	Объектінің (негізгі қорлардың) атауы	Саны	Объектінің жалпы көлемі
1	Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы селосы Тілеген Қайырбаев көшесі, 2 үйі, Ш.Еркінов атындағы орта мектеп ғимаратынан орынжай	3	42,3

Тапсырушы:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының
Қызылқоға ауданы білім бөлімінің «Ш.Еркінов
атындағы орта мектеп» директоры



_____ **Т.Н.Калиева**

Қабылдаушы:

«Қызылқоға аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК
директоры



_____ **А.Т.Тилемисова**

Бұл шарт «Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 14 наурыздағы № 37 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 15 наурызда № 32069 болып тіркелген бұйрығы негізінде жасалды

**Атырау облысы, Қызылқоға ауданы Білім бөлімінің
«Ш.Еркінов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
медициналық көмек көрсету туралы**

№3 ШАРТЫ

2024 жылғы « » наурыз

Миялы селосы

Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Білім бөлімінің «Ш.Еркінов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Қызмет алушы 2021 жылғы 19 қаңтардағы №266-1815-08 КММ ережесі негізінде іс- әрекет ететін мекеме басшысы **Калиева Таттигул Нурумовна** бір тараптан және Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқарамысының «Қызылқоға аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, әрі қарай «Қызмет көрсетуші» басшысы **Тилемисова Айнұр Туребековна** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 14 наурыздағы №37 «Білім беру ұйымдарының медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде қызмет көрсетуге шарт жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандарты «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабаның 32) тармақшасына сәйкес әзірленді және орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсетудің талаптары мен тәртібін белгілейді.

1.2. Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету амбулаториялық жағдайларда жүзеге асырылады және Кодекстің 91-бабының 3 – тармағына сәйкес меншік нысанына қарамастан медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) көрсететін денсаулық сақтау субъектілері ұсынады.

1.3. Білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін орта білім беру ұйымдарының тізбесін аумақтық қағидатты ескере отырып, әрбір МСАК ұйымына денсаулық сақтауды мемлекеттік басқаруды жергілікті органдары жыл сайын қалыптастырады.

1.4. Қызмет көрсетілетін орындары қосымшаға сәйкес (қосымша №1).

2. Тараптың міндеттері.

2.1. «Қызмет алушы» міндеті:

2.1.1 «Қызмет көрсетуші» Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының «Қызылқоға аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Білім бөлімінің «Ш.Еркінов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты білім беру ұйымдарының медициналық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 14 наурыздағы №37 «Білім беру ұйымдарының медициналық көмек көрсету стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде қызмет көрсетуге, ал «Қызмет алушы» «Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Білім бөлімінің «Ш.Еркінов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өз кезегінде қызметтердің осы Шартта көзделген мерзімде қабылдап алуды міндетіне алады.

дәрігерлері, учаскелік педиатрлар, бейінді мамандар, фельдшерлер мен мейіргерлер жүзеге асырады.

3.4. Білім алушыларға медициналық көмек көрсетуді үйлестіруші дәрігер мынандай функцияларды жүзеге асырады:

1) білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша іс-шараларды жоспарлайды;

2) профилактикалық медициналық қарап-тексеру жүргізу кестесін жасайды және оның № ҚР ДСМ – 264/2020 бұйрығына сәйкес іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) білім алушыларды профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өткізуге қатысады;

4) профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша уақтылы диспансерлеуді бақылауды жүзеге асырады;

5) профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығының 15-тармағында айқындалған денсаулық топтарына сәйкес 1 және 2 денсаулық тобындағы білім алушыларды негізгі дене шынықтыру тобына, 3 және 4 денсаулық тобындағы білім алушыларды арнайы медициналық дене шынықтыру тобына айқындайды;

6) арнайы медициналық дене шынықтыру тобына айқындалған білім алушылардың тізімін орта білім беру ұйымына ұсынады.

3.5. Білім алушыларды профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өткізуді, білім алушылармен және олардың заңды өкілдерімен түсіндіру жұмыстарын қоспағанда, орта білім беру ұйымының медициналық пунктінде дәрігердің тұрақты болуы талап етілмейді.

3.6. Мейіргер мынандай функцияларды жүзеге асырады:

1) Профилактикалық медициналық қарап тексеру жүргізу үшін білім алушылардың нысаналы топтарының тізімін жасайды;

2) Жоспарлы, маусымдық немесе эпидемиялық көрсетілімдер бойынша Кодекстің 137-бабының 2-тармағына сәйкес білім алушылардың ата-аналардың (заңды өкілдерінің) ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін № 612 ҚР ҰҚ сәйкес кейін невакцинацияланғандарды бақылай отырып, білім алушылардың контингентін вакцинациялауды жүргізуді қамтамасыз етеді;

3) Білім алушыларға, педагогикалық және техникалық персоналға кенеттен жіті аурулар және жай-күйлер, пациенттің өміріне айқын қауіп төндірмейтін созылмалы аурулардың асқынуы, жарақаттар (дәрігерге дейінгі шұғыл көмек, тіркелген жері бойынша медициналық ұйымға жіберу, жедел медициналық көмек бригадасын шақыру) кезінде шұғыл медициналық көмек көрсетеді;

4) МСАК ұйымының салауатты өмір салты маманымен бірлесіп салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;

5) орта білім беру ұйымдарының психологтары және әлеуметтік педагогтері мен бірлесіп, психикалық денсаулықты сақтау, темекі бұйымдарын тұтынудан, психикаға белсенді әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтынудан, сондай-ақ құмар ойындарға патологиялық елігуден туындаған суицидтік мінез-құлық пен тәуелділіктің профилактикасы бойынша жұмыстарға қатысады;

6) "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) білім алушыларды бөліп отырғызуды бақылауды қамтамасыз етеді.

3.7. Шұғыл көрсетілімдер болған жағдайда немесе білім алушылардың өміріне қауіп төнген кезде кезек күттірмейтін медициналық көмек ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімінсіз, Кодекстің 137-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес көрсетілген медициналық көмек туралы ата-аналарды (заңды өкілдерді) кейіннен міндетті түрде хабардар ете отырып көрсетіледі.

2.1.2. Орта білім беру ұйымы білім алушыларға дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек көрсетуге арналған жеке кабинет (бұдан әрі – медициналық пункт) бөледі және оны жинау мен техникалық күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді.

2.1.3. Қызмет көрсетушіге» шұғыл айғақтар бойынша медициналық көмек көрсетуде көмектеседі.

2.1.4. «Қызмет көрсетушіге» қызмет барысында көмектің сапасы мен уақтылығын қамтамасыз ету бойынша бірлесіп жүзеге асырады.

2.2. «Қызмет көрсетуші» міндеті:

2.2.1. "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығы) профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу;

2.2.2. Профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;

2.2.3. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты мінез-құлық тәуекелдерінің профилактикасы;

2.2.4. "Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сәйкес вакцинациялауды жүргізу;

2.2.5. Аурулардың профилактикасы, білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру, алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістерді ұйымдастыру және өткізу;

2.2.6. Білім беру және түсіндіру іс-шараларын өткізе отырып, білім алушылардың заңды өкілдері мен педагогтарды білім алушылардың денсаулығын сақтауға тарту;

2.2.7. Жедел медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлері келгенге дейін кезек күттірмейтін жағдайларда алғашқы көмек көрсету болып табылады.

3. Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету тәртібі

3.1. Медициналық пунктте білім алушыларға медициналық көмекті "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген) кеңейтілген практика мейіргері, жалпы практика мейіргері, учаскелік мейіргер, мамандандырылған мейіргер, білім беру ұйымдарындағы медициналық пункт мейіргері, "Мектеп медицинасындағы мейіргер ісі" мамандығы бойынша мейіргер (бұдан әрі – мейіргер) көрсетеді.

3.2. МСАК ұйымы № ҚР ДСМ – 305/2020 бұйрығына сәйкес "Педиатрия", "Жалпы дәрігерлік практика" мамандығы бойынша орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету жөніндегі үйлестірушіні (бұдан әрі-білім алушыларға медициналық көмек көрсетуді үйлестіруші дәрігер) айқындайды.

3.3. Білім алушыларды жоспарлы диспансерлеуді, емдеуді және (немесе) ауруы бойынша медициналық оңалтуды олар бекітілген МСАК ұйымының жалпы практика

4. Білім алушыларға медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының ең төмен штат нормативтерімен қамтамасыз ету

4.1. Мейіргерлердің ең төмен штат нормативтері 700 білімалушыларға 1 штат бірлігі есебінен, бірақ екі және үш ауысымды оқыту режимі бар орта білім беру ұйымдарында кемінде 2,0 штат бірлігі және білім алушылар саны 2800-ден асатын орта білім беру ұйымдарында 4,0 штат бірлігінен аспайтын есеппен қалыптастырылады.

4.1. МСАК ұйымының басшысы медициналық пункттің негізгі қызметкері уақытша болмағанда басқа медицина қызметкері мен алмастыруды қамтамасыз етеді.

5. Орта білім беру ұйымының медициналық пунктін ең аз жарақтандыру

5.1. Білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін медициналық бұйымдармен ең аз жарақтандыру осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес МСАК ұйымы жүзеге асырады.

5.2. МСАК ұйымы орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін дәрілік заттармен толықтыруды осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етеді.

5.3. Орта білім беру ұйымының медициналық пунктін жиһазбен, техникамен және кеңсе керек-жарақтарымен жарақтандыруды осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес МСАК ұйымы жүзеге асырады.





6. Қорытынды

6.1. Осы Шарт 2 данадан мемлекеттік тілде екі данада жасалады және олардың бір данасы – Қызмет алушы, бір данасы Қызмет көрсету үшін.

6.2. Егерде «Қызмет алушы» мен «Қызмет көрсетуші» Шарт бойынша ортақ мәмлеге келе алмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мәселені шешеді.

6.3. Осы Шарт қол қойған күннен бастап, заңды күшіне енеді 2024 жылдың 31 мамырына дейін қолданылады.

4. Тараптардың заңды мекен – жайы

<p>«Қызмет алушы»: «Атырау облысы Қызылқоға ауданы білім бөлімінің «Ш.Еркінов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Атырау облысы, Жасқайрат ауылы, Тілеген Қайырбаев көшесі, №2 БСН: 990440001899</p> <p>Мектеп директоры:  Т.Н.Калиева</p> 	<p>«Қызмет көрсетуші»: Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының «Қызылқоға аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосы, Қайырғали Смағұлов көшесі №13 БСН: 070240006286</p> <p>Аурухана директоры:  А.Т.Тилемисова</p> 
---	--

Орта білім беру
Ұйымдарында медициналық
Көмек көрсету стандартына
I-қосымша

Білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін орта білім беру
ұйымдарының медициналық пункттерінде медициналық бұйымдармен ұсынылатын аз
жарақтандыру

№	Атауы	Өлшем бірліктері	Саны
1	5 x 10 сантиметрлік бинттер, зарарсыздандырылмаған	дана	10
2	7 x 14 сантиметрлік бинттер, зарарсыздандырылмаған	дана	10
3	Бактерицидті шам	дана	1
4	Резеңке жылытқыш	дана	1
5	Вакцина қалдықтарын жоюға арналғаныдыс	дана	2
6	Медициналық жгут	дана	4
7	Перифериялық веналық катетер	дана	4
8	Бүйректәрізді науа	дана	5
9	Бір рет қолданылатын маскалар	қаптама	1
11	Инъекцияға арналған бір реттік сулықтар, спирттік	қаптама	1
12	Зарарсыздандырылмаған қолғаптар	қаптама	1
13	Нитрилді, зарарсыздандырылған қолғаптар	дана	6
14	№10 жиынтықтағы бактерицидті пластырь	дана	1
15	3 x 500 сантиметрлік пластырь	дана	1
16	Катетерді бекітетін пластырь	дана	1
17	Бір рет қолданылатын жаймалар	дана	10
18	Мұзға арналған шынысауыт	дана	1
19	Тоқыма емес материалдан жасалған стерильді 0,8 x 0,7 сантиметрлік сулықтар	қаптама	1
20	Көлемі 40 x 70 сантиметрлік зарарсыздандырылған бір рет пайдаланылатын тоқыма емес матадан жасалған сулықтар	дана	1
21	Сантиметрлік лента	дана	1
22	Инфузияға арналған жүйе	дана	2
23	Көру өткірлігін анықтауға арналған кестелер	дана	1
24	Вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер	дана	1
25	Медициналық термометрлер	дана	5
26	Тонометр	дана	1
27	Фонендоскоп	дана	1

28	Аяқ-қолдымобилизациялауға арналған шишалар	дана	2-4
29	Бір рет қолданылатын шпатель	дана	10
30	Инелері бар бір рет қолданылатын шприцтер: 2 миллилитр; 5 миллилитр; 10 миллилитр.	дана	10 10 5 Жүктеу

Орта білім беру
ұйымдарын да медициналық
көмек көрсету стандартына
2-қосымша

Орта білім алушыларға медициналық көмек көрсетуге арналған дәрілік заттар

№	Атауы	Өлшем бірліктері	Саны
1	Аммиак ерітіндісі 10%	құты	1
2	Ацетилсалицилқышқылы 500 миллиграмм, таблетка №10	қаптама	10
3	Ибупрофен 200 миллиграмм, таблетка №10	қаптама	1
4	Лоратадин 10 миллиграмм, таблетка №10	қаптама	1
5	Натрий хлориді 0,9% 200 миллилитр	құты	2
6	Парацетамол 500 миллиграмм, таблетка №10	қаптама	10
7	Преднизолон 30 миллиграмм, ампула №3	қаптама	1
8	Сутегі асқынерітіндісі 3%	құты	1
9	Хлоргексидин биглюконат ерітіндісі 0,05%	құты	3
10	Ауызарқылы суландыру тұзы, ұнтақ	қаптама	1
11	Сальбутамол, ингаляцияға арналған аэрозоль	аэрозоль	1
12	Хлорпирамин 20 мг, ампула №5	қаптама	1
13	Белсендірілген көмір, таблетка №10	қаптама	10

14 Эпинефрин 0,18%, ампула №10	қаптама	1
		Жүктеу

Орта білім беру
ұйымдарын да медициналық
көмек көрсету стандартына
3-қосымша

Білім беру ұйымының медициналық
пунктің жиһазбен, техникамен және кеңсе керек-жарақтарымен жабдықтау

№	Медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың атауы	Өлшем бірліктері	Саны
1	Таразы	дана	1
2	Кеңсе керек-жарақтары (журналдар, А4 форматындағы қағаз, желім, қаламдар, қарындаштар, тескіш, степлер, корректор, қайшы, папкалар)	дана	тұрақты қолда бар
3	Кушетка	дана	1
4	Шынықпағы бар медициналық үстел	дана	1-2
5	Дербес компьютер	дана	1-2
6	Жазу үстелі	дана	1
7	Принтер	дана	1
8	Бойды өлшеу құрамы (ростомер)	дана	1
9	Сантиметрлік лента	дана	1
10	Орындықтар	дана	2-6
11	Тоңазытқыш (вакциналар мен дәрі-дәрмектерге арналған)	дана	2
12	Ширма	дана	1
	Кеңсе шкафы	дана	1-2
14	Медициналық шкаф	дана	1